

«Информатика» оқу пәнінің мазмұны оқушылардың ақпараттық мәдениетінің мазмұны мен деңгейлерінің қалыптасуының үзіліссіз ілгерілеу ұстанымдарына сәйкес мынадай бағыттар бойынша құрылады:

1. *Дүниетанымдық* (түйінді сөз – ақпарат). Ақпарат ұғымы – бүкіл курстың негізі. Әр бөлімде ақпарат және ақпараттық процестер туралы мәлімет беріледі. Нәтижесінде әлемнің ақпараттық бейнесін көру, ақпараттық процестерді тани және саралай білу іскерліктерінің қалыптасуы керек.

2. *Тәжірибелік* (түйінді сөз – компьютер). Компьютер ақпаратпен жұмыс істеудің әмбебап құралы деген ұғым қалыптасады. Компьютерді қолданудың әртүрлі әдістері қарастырылады, оқушылар кәсіптік ортада қолдану үшін компьютермен жұмыс жасау дағдыларын, ақпараттық технологияларды меңгереді.

3. *Алгоритмдік* (түйінді сөздер – алгоритм, орындаушы, бағдарлама). Бағдарламалаудың қазіргі заманғы тілдері қарастырылуы керек, соның нәтижесінде алгоритмдер және олардың қасиеттері жайлы түсініктер, ойлаудың алгоритмдік стилі қалыптасады.

4. *Зерттеушілік* (түйінді сөз – шығармашылық). Әртүрлі тақырыптарды оқи отырып, оқушылар өздеріне қызықты нысандарды (құжаттар, суреттер, музыкалық шығармалар) өз бетінше жасауды үйренеді және бағдарлама (математикалық, физикалық, филологиялық және т.б.) жасау үшін міндеттерді белгілейді. Нәтижесінде шығармашылық және зерттеушілік қасиеттер дамиды.

Білім мазмұнының вариативтік бөлімі оқушы дамуының жеке тұлғалық және балалардың қалауы мен ата-аналардың сұраныстарын ескере отырып жасалынады. Төмендегідей қосымша оқу бағдарламалары ұсынылады: «Компьютерлік графика», «Әлеуметтік информатика», «Web-дизайн», «Flash – технологиялар», «Объектілі-бағытталған бағдарламалау», «Әлемдік ақпараттық ресурстар», «Ақпаратты қорғау негіздері», «Мультимедиа-технологиялар», «Компьютерлік беттеу», «Қағазсыз іс жүргізу негіздері», «Компьютерлік үлгілеу», «Үстел үстілік баспа жүйелері» және т.б.

Информатиканы оқыту арнайы жабдықталған компьютерлік сыныпта жүргізіледі және мамандыққа сәйкес педагог кадрлармен, оқу құралдарымен, мультимедиялық, электрондық оқулықтармен, аудио және бейне фильмдермен қамтамасыз етілуі тиіс.

Информатика пәні бойынша сағат саны: 7, 8, 9-сыныптарда – аптасына 1 сағатты, оқу жылында 34 сағатты құрайды.

*Оқулықтар мен ОӘК тізбесі:*

*7-сынып*

1. Информатика. Оқулық. Оқыту әдістемесі. Дидактикалық материалдар. Практикум. Н. Ермеков, Н. Стифутин, С. Пилипенко. – Алматы: Атамұра, 2012.

2. Информатика. Оқулық. Әдістемелік нұсқау. Есептер жинағы. И. Семакин, Л. Залогова, С. Русаков, Л. Шестакова, В. Никитенко, А. Саябасова. – Кокшетау: Келешек-2030, 2012.

*8-сынып*

1. Информатика. Оқулық. Әдістемелік нұсқау. Жұмыс дәптері. Е. Шевчук, Н. Кольева, Н. Завертунова. – Алматы: Мектеп, 2012.